


Ойлау және қиял ПСИХОЛОГИЯСЫ

Орындаған: 6М011600-География мамандығының
І-курс магистранты **Асанхан Ақерке**

**Ойлау дегеніміз - сыртқы
дүние заттары мен
құбылыстарының
байланыс-
қатынастарының мида
жалпылай және жанама
түрде сөз арқылы
бейнеленуі.**





Ойлау танымдық теориялық іс-әрекет ретінде әрекетпен тығыз байланысты. Адам әсер ету арқылы ақиқатты таниды, дүниені өзгерту арқылы оны түсінеді. Әрекет ойлау жүзеге асуының бірінші ретті формасы болып табылады. Ойлау операцияларының барлығы (анализ, синтез және т.б.) ең алғашында практикалық операциялар түрінде пайда болып, содан соң барып, теориялық ойлаудың операцияларына айналды.

Таным түрі бойынша:

- 1) Эмпирикалық ойлау** - теориялық ойлаумен салыстырғанда, қарадүрсін, жағдаяттық жалпылаулармен байланысты болатын ойлаудың түрі.
- 2) Теориялық ойлау** - ғылыми ұғымдар негізінде заттар мен құбылыстардың мәнін танып-білу.

Рефлексия немесе саналау деңгейі бойынша:

- 1) Интуитивтік ойлау** - тез өтетін, анық кезеңдері жоқ, көбінесе саналанбайтын ойлаудың түрі. Бұл ойлау түрі кеңестік психологияда Я.А. Пономаревпен, Л.Л. Гуровпен және т.б. зерттелінген.
- 2) Рационалдық ойлау (аналитикалық немесе логикалық) ойлау** - уақыт бойынша кең таралған, айқын кезеңдері бар, ойлаушы субъектінің санасында едәуір көрініс табатын ойлау түрі.

Ойлау қасиеттері

Ойдың сыңдылығы – адамның өз және өзге адамның ойларын объективті бағалай алу, барлық жасалатын қағидалар мен тұжырымдарды түпкілікті және жан-жақты тексере алу қабілеті.

Ойлаудың асығыстығы – адам сауалды, мәселені жан-жақты ойластырып алмай, оның бір жағын бөліп алып, асығыс шешім қабылдауға тырысуы, белгілі бір дәрежеде ойластырылмаған жауаптар мен пікірлерді беруі.

Ойлаудың тездігі – адамның жаңа жағдаятты тез түсіне алып, тез ойлау негізінде дұрыс шешім қабылдай алуы.

Ойлаудың дербестігі – адамның жаңа міндеттерді, мәселелерді шығара алумен және басқа адамдардың көмегінсіз өзі мәселенің дұрыс шешілу жолын табумен сипатталады.

Ойлаудың икемділігі – ойлаудың оны шектейтін жатталып қалған, таптаурын шешу тәсілдерінен тәуелсіздік дәрежесін білдіреді.

Ойлаудың тереңдігі – күрделі сауалдардың мәніне терең шоғырланып, зерттей алуы.

Ойлаудың кеңдігі дегеніміз – адамның зерттелетін сауалдың маңызды жақтарын түсірмей, тұтас қамтып, талдай алу қабілеті.

Қиялдың образдары адамның өміріндегі шынайы образдардың жекелеген жақтарын қайта жасау жолымен жасалынады. Мысалы: Фантастикалық романдарды оқи отырып, сіз ойдан жасалынған кейіпкерлер (жезтырнақ, дәу) бәрі бір өзінің түр-келбетімен бізге танымал объектілерге ұқсас екенін аңғарған боларсыз. Өзіміз қандай да бір нәрсені немесе оқиғаны елестете отырып, біз оны толықтай көз алдымызға елестете алмаймыз. Оқиға бір-бірімен байланыссыз фрагменттер түрінде емес, тұтастай және үздіксіз көрінуі тиіс. Осылайша, материалдардың өзіндік қайта өңделуі жүреді, яғни өндіру процессінде біздің қиялымыздың іс-әрекеті көрінеді.



Қиялдың ерекше түрі-арман болып табылады. Қиялдың бұл түрінің мәні жаңа образдарды жеке өзіннің жасауында. Арманның шығармашылық қиялға қарағанда бір қатар айырмашылықтар бар. Біріншіден, арманда адам өзі тілеген образды жасайды, ал шығармашылық қиялда адам әрқашан өзі қалаған нәрсесін жасай бермейді. Арманда адамды өзіне тартатын, өзі тырысатын белгілі-бір тілек жатады. Екіншіден, арман- шығармашылық іс-әрекетке қосылмаған қиял процессі, яғни көркем шығарма ғылыми ашулар, техникалық ойлау табу т.б. түріндегі тез арада және тікелей объективті өнім бермейді.



***Назар аударғандарыңызға
рахмет!***